

**Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы
білім алушылардың және мүмкіндігі шектеулі балалардың
қатысуымен Флора және фауна күніне арналған «Халықаралық
биологиялық алуантүрлілік» тақырыбында сырттай
экологиялық байқауының баспасөз хабарламасы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың және мүмкіндігі шектеулі балалардың қатысуымен Флора және фауна күніне арналған «Халықаралық биологиялық алуантүрлілік» тақырыбында сырттай экологиялық байқауын www.ziyatker.kz сайтында **2014 жылғы 15 шілде – 1 қараша** аралығында өткізеді.

Байқаудың мақсаты: білім алушыларды табиғатты қорғау міндеттерін шешу тәжірибесіне қатыстыру мен қоршаған ортаның экологиялық жағдайы мәселелерін насихаттау бойынша тарту, оқушылардың экологиялық тәрбиесіне және олардың өзін-өзі кәсіби тұрғыда анықтауға жағдай жасау.

Міндеттері:

- білім алушылар арасындағы экологиялық білімді белсенді насихаттау;

- туған өлке табиғатына және оны қорғау мәселелеріне танымдық қызығушылығын дамыту;

- туған өлкенің табиғатын қайта келтіру және сауықтыру, сақтауға тарту арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Байқауға 8-17 жастағы білім алушылар жас санаттары бойынша қатыса алады:

кіші жастағы санат: 8-11 жас;

орта жастағы санат: 12-14 жас;

жоғарғы жастағы санат: 15-17 жас.

Байқау номинациялар бойынша өткізіледі:

1) «ЭКСПО-2017: болашақ энергиясы» аясында «Биологиялық алуантүрлілік» тақырыбында кроссворд байқауы;

2) «Жанды дәрiхана» зерттеу жұмыстары

3) «Қазақстан биоалуантүрлілігі» видеоклип байқауы;

4) «ЭКСПО-2017 балалар көзімен» тақырыбы аясында «Жасыл экономика» компьютерлік презентация байқауы.

Байқаудың қорытындысы бойынша жеңімпаздар тиісті дәрежелі дипломдармен марапатталады. Әр номинацияда 3 жеңімпаз (1, 2, 3 орындар) анықталады. Қатысушылардың барлығына электрондық пошта арқылы онлайн-сертификаттар жіберіледі.

Байқау жұмыстары 2014 жылғы 1 қарашаға дейін балаларға арналған www.ziyatker.kz ғылыми-танымдық сайтта орналастырылады немесе nt_ekotur@mail электрондық поштаға жіберіледі, сондай-ақ мына мекен-жай бойынша қабылданады: 010000, Астана қаласы,

Жеңіс даңғылы, 16/1, «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Анықтама үшін: тел/факс 8(7172) 44-53-42.